

## Жезқазған қаласының күндізгі оқу нысандарында білім алушылардың қала ішіндегі қоғамдық көліктерде (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы

### ***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы № 28/337 шешімі. Қарағанды облысы Жезқазған қаласы Әділет басқармасында 2011 жылғы 13 қантарда № 8-2-132 тіркелді. Күші жойылды - Ұлытау облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2024 жылғы 19 қарашадағы № 25/152 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 19.11.2024 № 25/152 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Заңына, "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңына сәйкес Жезқазған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. Жезқазған қаласының төмендегі санаттағы білім алушыларына қала ішіндегі қоғамдық көліктерде (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі белгіленсін:

1) Жезқазған қаласының жалпы білім беретін оқу орындарының бірінші сыныптан сегізінші сыныпты қоса алғанда сынып оқушыларына (жазғы кезең 1 маусымынан 31 тамызға дейінгі аралықты есептемегендеге) тегін жол жүру;

2) кәсіби лицейлерде, колледждерде (он бірінші сынып базасында оқытындарға) және меншіктің барлық түрлеріндегі жоғарғы оқу орындарының күндізгі нысандарында білім алушыларға тиісті тарифтің 50 пайзызын төлеу (жазғы кезең 1 маусымнан 31 тамызға дейінгі аралықты есептемегендеге).

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдениет саласы, тәртіп сақтау, азаматтар құқығы және депутаттық этика мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы,

Қалалық мәслихаттың хатшысы

Әбдіров К.С.

КЕЛІСІЛДІ:

"Жезқазған қаласының білім беру,  
дene шынықтыру және спорт бөлімі"  
мемлекеттік мекемесі бастығының  
міндетін атқарушы

23.12.2010 ж.

Жаналинова Гүлбаршын  
Әбдірашқызы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК